

**«Суреттеріңді жандандыр» жарнама акциясын өткізу ережелері
(ары қарай – «Ереже»)**

1. Жарнама акциясының атауы мен мақсаты

«Суреттеріңді жандандыр» жарнама акциясы (ары қарай – «Акция») «Мон'дэлис Казахстан» ЖШС шығаратын және/немесе өткізетін Barni® тауар белгісімен белгіленген өнімдерді ілгерілетуге, сондай-ақ Barni® өнімінің оң имиджі мен тұтынушылар сұранысын қалыптастыруға бағытталған.

2. Акцияның Ұйымдастырушысы мен Операторы туралы мәлімет

Акцияны Ұйымдастырушы: «Мон'дэлис Казахстан» ЖШС (мәтінде ары қарай – «Ұйымдастырушы»). Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қ., Төле би көшесі, 101. БСН 080240015871.

Акцияның №1 Операторы (мәтінде ары қарай – «Оператор №1») – «Айтыс Адвертайзинг» ЖШС, БСН 100940011058. Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қ., Сейфуллин даңғылы, 502-үй, 907-909-кеңсе.

3. Акция мерзімі

- 3.1. Акцияның жалпы мерзімі «01» мамыр 2026 ж. бастап «30» қыркүйек 2026 ж. дейін (қоса алғанда) (ары қарай – «Акция мерзімі» немесе «Акция кезеңі»).
- 3.2. Акцияға қатысу үшін Акциялық өнімді сатып алу мерзімі: «01» мамыр 2026 ж. сағат 00:01-ден «31» шілде 2026 ж. сағат 23:59-ға дейін (қоса алғанда) (ары қарай – «Сатып алу мерзімі»).
- 3.3. Қатысушылардың Акцияға қатысу және «табандарды» жүлделерге айырбастау үшін промо-кодтарды сайтта тіркеу мерзімі: «01» мамыр 2026 ж. сағат 00:01-ден «31» шілде 2026 ж. сағат 23:59-ға дейін (қоса алғанда) (ары қарай – «Кодтарды тіркеу мерзімі»).
- 3.4. Жеңімпаздарды анықтау/Акция жүлделерін ұтыста ойнату мерзімі: «01» мамыр 2026 ж. бастап «3» тамыз 2026 ж. дейін (қоса алғанда), төмендегі 9.4-тармаққа сәйкес.
- 3.5. Акция Жеңімпаздарына Жүлделерді тапсыру мерзімі: «01» мамыр 2026 ж. бастап «30» қыркүйек 2026 ж. дейін (қоса алғанда).
Осы Ережелерде көрсетілген барлық мерзім Қазақстан, Алматы қаласының уақытымен есептеледі.

4. Аумағы және ақпарат беру тәртібі

- 4.1. Акция Қазақстан Республикасының аумағында Barni® өнімі ұсынылған барлық дүкенде, сондай-ақ Интернет желісінде www.barni.org сайтында (ары қарай – «Сайт») өтеді.
- 4.2. Акцияға қатысу тәртібі, Акция шарттары (соның ішінде оларды өзгерту, толықтыру) және ережелер туралы Қатысушыларға хабарлау Акцияға қатысты сұрақтарға арналған promo@barni.org немесе support.barni@rgm.kz электронды поштасы арқылы жүзеге асырылады. Электронды пошта дүйсенбі мен жұма аралығында 10:00-ден 18:00-ге дейін жұмыс істейді. Ақпараттық электронды пошаның жұмыс тәртібі Ұйымдастырушының қалауымен кез келген уақытта операторлар жұмыс тәртібінен автоақпаратшының жұмыс тәртібіне өзгертілуі мүмкін, бұл туралы қатысушыларға хабарланады.
- 4.3. Ұйымдастырушы және (немесе) Оператор осы Ережелерде, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған жағдайларды және даулы жағдайлар туындаған кездерді қоспағанда, Акцияға қатысушылармен жазбаша келіссөздерге, не болмаса басқа байланыстарға түспеу құқығын өзінде қалдырады.

5. Акцияға қатысатын өнім

- 5.1. Акцияға Barni® тауар белгісімен шығарылатын, қаптамасының ішінде Промо-коды бар арнаулы промо-қаптамадағы (ары қарай – «Промо-қаптама») төменде көрсетілген өнімдер (ары қарай – «Акциялық өнім» немесе «Акциялық өнімдер») қатысады. Промо-код – Акцияға қатысу үшін қажетті 8 таңбалы әріп-сандық код (ары қарай – «Промо-код»).
- «Barni қонжығы» сүтті салмасы бар бисквит, 150г промо-қаптамада, штрих-код 7622210632067;
 - «Barni қонжығы» шоколадты салмасы бар бисквит, 150г промо-қаптамада, штрих-код 7622210632050;
 - «Barni қонжығы» банан-йогуртты салмасы бар бисквит, 150г промо-қаптамада, штрих-код 7622210632043.

6. Акция қатысушылары

- 6.1. Акцияға Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, кәмелетке толған (18 жас және одан үлкен) әрекетке қабілетті Қазақстан Республикасының азаматтары және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдар қатыстырылады.
- 6.2. Акцияға қатысу шарты – Акциялық өнімді сатып алу, Сайтта Промо-кодты тіркеу, сондай-ақ осы Ережелердің 8-бөлімінде сипатталған Суретті жандандыру механикасына сәйкес 3 (үш) жастан 12 (он екі) жасқа дейінгі Баланың Суретін Сайтқа жүктеу.
- 6.3. Баланың Суретін Сайтқа жүктей отырып және/немесе Баланың Суреті негізінде ЖИ-нәтижесін жасауға келісімін беру арқылы Қатысушы өзінің Акцияға қатысу үшін жүктелген Суреттің заңды өкілі екенін, оның ішінде ата-анасы, асырап алушысы, қорғаншысы, қамқоршысы немесе тиісті өкілеттіктері бар өзге тұлға екенін және Ұйымдастырушыға және/немесе Операторға осы Ережелерде және Акцияның өзге де құжаттарында қарастырылған келісімдер мен кепілдіктер беруге құқылы екенін растайды.
- 6.4. Акцияға қатыстырылмайды: кәмелетке толмаған азаматтар; Акция Ұйымдастырушысының/Операторының қызметкерлері; белгіленген тәртіппен Акция Ұйымдастырушысына/Операторына үлестес деп танылған және Акцияны ұйымдастыруға және/немесе өткізуге байланысты тұлғалар; Акцияны ұйымдастыруға және/немесе өткізуге тікелей қатысы бар серіктес компаниялардың, техникалық мердігерлердің және өзге тұлғалардың қызметкерлері; осы тармақта аталған тұлғалардың отбасы мүшелері; азаматтығы жоқ адамдар және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты жоқ өзге мемлекеттер азаматтары.
- 6.5. Осы бөлімнің және/немесе Ережелердің өзге бөлімдерінің талаптарына сәйкес келмейтін тұлғалардың Акцияға қатысқаны анықталған жағдайда, Ұйымдастырушы және (немесе) Оператор мұндай тұлғаларды Акцияға қатыстырудан, ЖИ-нәтижесін жасаудан, Жұмысты жариялаудан, Жұмысты дауысқа қоюдан, «Citix» Арнайы жобасына, Арнайы номинацияларға қатысудан және/немесе жүлде алудан бас тарту құқығына ие.
- 6.6. Қатысушы Акцияға қатысу үшін жүктелген Суреттің заңды өкілі мәртебесін растамаған жағдайда не Ұйымдастырушы және/немесе Оператор Қатысушының мұндай Балаға қатысты қажетті өкілеттіктері жоқ деп санауға негіз тапқан жағдайда, Ұйымдастырушы және/немесе Оператор ЖИ-нәтижесін жасаудан, Жұмысты жариялаудан, дауысқа қоюдан, «Citix» Арнайы жобасына, Арнайы номинацияларға қатысудан және/немесе жүлде алудан бас тарту құқығына ие.

7. Акцияның жүлде қоры

- 7.1. Акцияның жүлде қоры Ұйымдастырушының қаражаты есебінен қалыптастырылады және құрамына мыналар кіреді:

7.1.1. Кепілді жүлделер

а) **1-деңгей жүлделері (бұдан әрі – «Жүлде №1»)** – Қатысушының табан балансына қосымша табан.

7.1.2. Табандар үшін жүлделер

б) **2-деңгей жүлделері (бұдан әрі – «Жүлде №2»)** – Акцияның бүкіл кезеңі ішінде 1 000 (мың) дана мөлшерінде Қатысушының ұялы телефон балансын 500,00 Қазақстан теңгесіне толтыру.

с) **3-деңгейдегі жүлде (ары қарай – «Жүлде №3»)** – номиналы 3 500,00 Қазақстан теңгесін құрайтын Meloman&Marwin сыйлық сертификаты, Акцияның бүкіл кезеңінде 546 (бес жүз қырық алты) дана.

д) **4-деңгейдегі жүлде (ары қарай – «Жүлде №4»)** – сурет салуға арналған жиынтық, Акцияның бүкіл кезеңінде 299 (екі жүз тоқсан тоғыз) дана.

е) **5-деңгейдегі жүлде (ары қарай – «Жүлде №5»)** – шоубокс, оның құрамына: брендті қорап, сурет салуға арналған керек-жарақтар кіреді; Акцияның бүкіл кезеңінде 104 (жүз төрт) дана.

ф) **6-деңгейдегі жүлде (ары қарай – «Жүлде №6»)** – номиналы 20 000,00 Қазақстан теңгесін құрайтын Meloman&Marwin сыйлық сертификаты, Акцияның бүкіл кезеңінде 52 (елу екі) дана.

7.1.3. Басты жүлделер

г) **Samsung Galaxy Tab A11 8/128 ГБ планшеті (ары қарай – «Жүлде №7»)**, Акцияның бүкіл кезеңінде 13 (он үш) дана.

h) **500 000,00 (бес жүз мың теңге) мөлшеріндегі ақшалай сома (ары қарай – «Жүлде №8»)** – жеңімпаздың банктік шотына 500 000,00 (бес жүз мың) Қазақстан теңгесін біржолғы аудару түрінде, Акцияның бүкіл кезеңінде 3 (үш) аударым.

i) **Shanghai Disneyland-ке сапар (ары қарай – «Жүлде №9»)** – 2 (екі) ересек және 12 (он екі) жасқа дейінгі 2 (екі) балаға арналған Shanghai Disneyland-ке туристік саяхат. Саяхат құнына Алматы–Шанхай, Шанхай–Алматы әуе билеттері, 3 жұлдызды қонақүйде тұру, Shanghai Disneyland билеттері кіреді.

7.2. Акция жүлделерінің сыртқы түрі, олардың көлемі, бейнесі және өзге де сипаттамалары жарнама материалдарда және Акция Сайтында ұсынылған кескіндермен, сондай-ақ Қатысушылардың жеке болжамымен сәйкес келмеуі мүмкін.

7.3. Осы Акция шеңберінде жүлде ретінде берілетін тауарлардың сапасына аталған тауарлардың өндірушісі жауапты.

7.4. Жүлделер бойынша шектеулер: бір Қатысушы 1 (бір) «Жүлде №1»-ден артық, «табан» үшін әр номинал бойынша 1 (бір) жүлдеден артық, сондай-ақ 1 (бір) Бас жүлдеден артық иелене алмайды.

7.5. «Жүлде №3–7» және «Жүлде №9» бойынша ақшалай баламасы төленбейді, жүлделер ауыстырылмайды. Ұтысқа қатысу және (немесе) жүлделерді алу құқығы Акция Қатысушысы тарапынан басқа тұлғаға берілмейді және басқа түрде тапсырылмайды.

7.6. Ұйымдастырушы мен Оператордың Жүлделерді беру жөніндегі міндеттемелері жүлде қорының жалпы мөлшерімен шектеледі.

8. Акцияға қатысу шарттары мен тәртібі

8.1. Осы Ережелерде пайдаланылатын терминдер:

8.1.1. «Бала» – 3 (үш) жастан 12 (он екі) жасқа дейінгі кәмелетке толмаған тұлға, оның заңды өкілі Акция Қатысушысы болып табылады.

- 8.1.2. «Баланың суреті» – Бала дербес немесе ересектің рұқсат етілген көмегімен жасаған түпнұсқа сурет, Акцияға қатысу және кейіннен ЖИ-нәтижесін жасау үшін Қатысушы Сайтқа жүктеген. Қатысушы Баланың суреті авторлық, сабақтас, жеке мүлдік емес және үшінші тұлғалардың өзге де құқықтарын бұзбайтынын, Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Ережелерге және Ұйымдастырушы талаптарына қайшы келетін тыйым салынған, қорлайтын, кемсітушілік, зиянды немесе өзге де материалдарды қамтымайтынын растайды.
- 8.1.3. «ЖИ-жүйесі» – Ұйымдастырушы, Оператор және/немесе олар тартатын үшінші тұлғалар Баланың Суретін Акция аясында автоматты өңдеу, түрлендіру, стильдеу, бейімдеу, формат өзгерту, масштабтау, кадрлау, анимациялау және/немесе өзге өңдеу үшін пайдаланатын жасанды интеллект жүйесі.
- 8.1.4. «ЖИ-нәтижесі» – Акция аясында ЖИ-жүйесі Баланың Суреті негізінде жасаған немесе өзгерткен кескін, бейне, анимация, дыбыс, мәтін немесе олардың жиынтығы, оның ішінде Баланың Суретін «жандандыру» нәтижесі.
- 8.1.5. «Суретті жандандыру» – Акция механикасында қарастырылған, ЖИ-жүйесін қолдана отырып Баланың Суретін автоматты өңдеу нәтижесінде ЖИ-нәтижесі жасалатын процесс.
- 8.1.6. «Жұмыс» – Акция аясында жасалған және/немесе ұсынылған материалдар жиынтығы: Баланың Суреті, ЖИ-нәтижесі, сондай-ақ Қатысушы берген және Акция аясында пайдалануға рұқсат берілген жағдайда Баланың аты мен жасы.
- 8.1.7. «Галерея» – Сайттың тиісті келісімін берген Қатысушылардың Жұмыстары модерациядан өткеннен кейін жарияланатын бөлімі.
- 8.1.8. «Жасанды интеллект технологияларын пайдалануға және құқықтарды беруге Келісім» – Қатысушының Баланың заңды өкілі ретінде Сайтта электрондық нысанда беретін, Баланың Суреті негізінде ЖИ-нәтижесін жасаудың міндетті шарты болып табылатын жеке Келісімі.
- 8.2. Акцияға қатысу үшін Қатысушы осы Ережелердің 3.1, 3.2, 3.3-тармақтарында көрсетілген Акция мерзімі ішінде тиісті әрекеттер тізбегін орындауы қажет:
- 8.2.1. Қазақстан Республикасы аумағындағы кез келген дүкеннен Barni® тауар белгісімен осы Ережелердің 5.1-тармағында көрсетілген промо-қаптамасындағы акциялық өнімнен кемінде 1 (бір) бірлігін 2026 жылғы «01» мамыр 00 сағат 00 минут 01 секундтан 2026 жылғы «31» шілде 23 сағат 59 минут 59 секундқа дейін сатып алу, Промо-кодты табу және Промо-кодты Сайтта тіркеу. Промо-қаптаманың ішіндегі Промо-кодтың тұтастығына Ұйымдастырушы/Операторлар жауап бермейді.
- 8.2.2. Промо-кодты Сайтта тіркеу үшін Қатысушы Сайтта тіркелуі қажет.
- 8.2.3. Қатысушының www.barni.org сайтында тіркелуі:
- 8.2.3.1. Сайтқа тіркелу үшін Қатысушы Сайтқа кіріп, тілді – қазақ немесе орыс – таңдауы, ел бойынша («Қазақстан») Сайт нұсқасына өткеннен кейін телефон нөмірі арқылы сәйкестендіру әдісін таңдауы қажет.
- 8.2.3.2. Телефон нөмірі дұрыс енгізілген жағдайда Қатысушының мобильді телефон нөміріне Сайттағы Жеке кабинетке кіретін SMS-код жіберіледі.
- 8.2.3.3. Содан соң Қатысушы алған SMS-кодты Сайттағы тиісті жолға жазуы не өзі көрсеткен электронды пошта мекенжайына келген сілтемемен өтуі тиіс, осыдан кейін Қатысушыға тіркеу нысаны (ары қарай – «Тіркеу нысаны») ашылады.

- 8.2.3.4. Қатысушы Тіркеу нысанының барлық жолын толтыруы, сондай-ақ тиісті жолдарға құсбелгі қою арқылы жеке деректерді өңдеуге Келісімді, Акция Ережелерімен Келісімді, Mondelez тарапынан акциялар туралы таралымдарға Келісімді беруі қажет.
- 8.2.3.5. Тіркеу нысаны дұрыс толтырылған және 8.3.1–8.3.4-тармақтарда көрсетілген барлық талап орындалған жағдайда Қатысушы Сайттағы Жеке кабинетке өтеді, ол Қатысушының виртуалды профилі болып табылады және жеке деректерін, тіркеген кодтары туралы ақпаратты, жиналған «табандар» санын және ұтқан жүлделерін қамтиды.
- 8.2.3.6. Сайтқа кіретін SMS-код бір реттік болып табылады. Қатысушы Жеке кабинетке қайта кірген жағдайда ол автоматты түрде авторизациядан өтеді.
- 8.2.4. Әр Қатысушы Сайтта тек бір рет тіркеле алады.
- 8.2.5. Қатысушының Сайтта бірнеше рет тіркелгені анықталса, Ұйымдастырушы/Операторлар мұндай Қатысушыны Акцияға қатыстырмауға және (немесе) Акция жүлдесін беруден бас тарту құқығына ие.
- 8.2.6. Қатысушының Сайтта тіркелуі Қатысушының Ұйымдастырушыға осы Ережелермен толық келісетінін, өздерінің жеке деректерін осы Ережелерде көрсетілген шарттарда және Қазақстан Республикасының «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес Ұйымдастырушының/Операторлардың жинауына, сақтауына және өңдеуіне келісетінін, сондай-ақ Ұйымдастырушыдан/Операторлардан Акция туралы және/немесе өзге де ақпаратты алуға келісетінін білдіреді.
- 8.2.7. Сайтта тіркелу барысында Қатысушы енгізетін деректер дәл, дұрыс және өзекті болуы тиіс. Қатысушының тіркеу кезінде көрсеткен телефон нөмірі, сондай-ақ электронды пошта мекенжайы Акцияның соңына дейін Қатысушыға тиесілі және қолжетімді болуы тиіс.
- 8.2.8. Ұйымдастырушы/Операторлар Қатысушылар жіберген қателер және/немесе Сайтта тіркеу кезіндегі дұрыстығына, сондай-ақ тіркеу кезінде көрсетілген мәліметтердің шынайылығына жауап бермейді және деректері тиісінше толтырылмаған немесе шынайы болмаған Қатысушыларды Акцияға қатыстырудан және (немесе) жүлдені беруден бас тарту құқығына ие.
- 8.2.9. Толық емес және/немесе шынайы емес ақпарат ұсынылған жағдайда жеңімпаз жеңімпаз мәртебесінен айырылады.
- 8.2.10. Жеңімпаздармен байланысу және оларға жеңіс туралы хабарлау және/немесе тиесілі жүлделерін тапсыру жеңімпаздың қате дерек беруіне, байланыс мәліметтерін өзгертуіне, жүлдеден бас тартуына, жеңімпаздың осы Ережелерде көзделген өзіне қатысты ақпаратты Оператор №1-ге беруден бас тартуына немесе Ұйымдастырушының бақылауынан тыс өзге кез келген себептен мүмкін болмаған жағдайда, жүлде Ұйымдастырушыда қалады.
- 8.3. Сайтта промо-кодты тіркеу:
 - 8.3.1. Промо-қаптаманың ішінде көрсетілген бір немесе бірнеше промо-кодты осы Ережелердің 3.3-тармағына сәйкес 2026 жылғы «01» мамыр 00 сағат 00 минут 01 секундтан 2026 жылғы «31» шілде 23 сағат 59 минутқа дейін Қатысушының сатып алуын растайтын түрде тіркеу. Кодты тіркеу Акцияға қатысу өтінімі болып табылады (ары қарай – «Өтінім»). 1 (бір) промо-кодты тіркегені үшін Акция Қатысушысы автоматты түрде 1 (бір) «табан» алады. Алғашқы Промо-кодты тіркегенде Қатысушы «Жүлде №1»-ді алады (ол болған жағдайда).

- 8.3.2. 1 (бір) промо-код Акция сайтына тек бір рет қана тіркелуі мүмкін. Теріс пайдаланудың алдын алу мақсатында Қатысушы тәулігіне тіркей алатын промо-кодтардың ең жоғары саны 10 (он) бірліктен аспайды.
- 8.4. Баланың Суретін жандандыру және ЖИ-нәтижесін жасау:
- 8.4.1. Акция аясында Қатысушы тіркелген Промо-кодтарды Сайтта Баланың Суретін жандандыру және ЖИ-нәтижесін жасау үшін пайдалануға құқылы.
- 8.4.2. Баланың Суретін жандандыру үшін Қатысушы мынаны орындауы қажет:
- 8.4.2.1. осы Ережелерде қарастырылған тәртіппен Сайтта тіркелу;
- 8.4.2.2. кемінде 1 (бір) Промо-кодты тіркеу; – Сайттың техникалық талаптарында қарастырылған формат пен өлшемде 3 (үш) жастан 12 (он екі) жасқа дейінгі Баланың Суретінің фотосуретін немесе сканерленген көшірмесін Сайтқа жүктеу;
- 8.4.2.3. Қатысушының Баланың ата-анасы, асырап алушысы, қорғаншысы, қамқоршысы немесе өзге заңды өкілі екенін растау;
- 8.4.2.4. Баланың Суретінің Баланың түпнұсқа шығармасы екенін және үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзбайтынын растау;
- 8.4.2.5. Сайтта тиісті белгі қою арқылы Жасанды интеллект технологияларын пайдалануға және құқықтарды беруге Келісімді беру.
- 8.4.3. Баланың Суретін жандандыру ЖИ-жүйесін қолдана отырып автоматты өңдеу, түрлендіру, стильдеу, бейімдеу, формат өзгерту, масштабтау, кадрлау, анимациялау және/немесе өзге өңдеу арқылы жүзеге асырылады. Мұндай өңдеу нәтижесінде ЖИ-нәтижесі жасалады.
- 8.4.4. Қатысушы ЖИ-нәтижесінің ЖИ-жүйесі арқылы автоматты жасалатынын, сол себепті түпкілікті визуалды нәтиже Баланың Суретінен, Қатысушының күтуінен, Акцияның жарнамалық материалдарынан және/немесе Сайтта орналастырылған үлгілерден өзгеше болуы мүмкін екенін түсінеді және мойындайды.
- 8.4.5. Ұйымдастырушы және/немесе Оператор ЖИ-нәтижесінде Баланың Суретінің барлық элементтерін, түстерін, пропорцияларын, бөлшектерін, суретші стилін, мағынасын немесе өзге де сипаттамаларын дәл сақтауға кепілдік бермейді.
- 8.4.6. Тіркелген 1 (бір) Промо-код Қатысушыға Баланың Суретін 1 (бір) рет жандандыру құқығын береді, Сайт интерфейсінде, Акция шарттарында немесе Сайтта орналастырылған қосымша механикаларда өзгеше қарастырылмаса.
- 8.4.7. Баланың Суретін жандандыру үшін пайдаланылған Промо-код басқа ЖИ-нәтижесін жасау үшін қайта пайдаланыла алмайды. Бұл ретте Промо-кодты тіркеу және табандар алу осы Ережелерде қарастырылған тәртіппен жүзеге асырылады.
- 8.4.8. ЖИ-нәтижесі жасалғаннан кейін ол Сайттағы Қатысушының Жеке кабинетінде көрсетіледі. Қатысушы ЖИ-нәтижесін сақтауға және Қазақстан Республикасының заңнамасын, үшінші тұлғалардың құқықтарын, осы Ережелер мен Жасанды интеллект технологияларын пайдалануға және құқықтарды беруге Келісімнің шарттарын бұзбаса, жеке коммерциялық емес мақсаттарда пайдалануға құқылы.
- 8.4.9. Жұмысты Галереяда жариялау тек Қатысушының мұндай жариялауға берген жеке келісімі болған жағдайда және Ұйымдастырушы және/немесе Оператор тарапынан модерациядан өткеннен кейін жүзеге асырылады.

- 8.4.10. Ұйымдастырушы және/немесе Оператор Баланың Суреті, ЖИ-нәтижесі, жүктелген материалдар немесе Қатысушының әрекеттері мынадай жағдайларда ЖИ-нәтижесін жасаудан, Жұмысты Галереяда жариялаудан, дауысқа қоюдан, Citix Арнайы жобасы мен Арнайы номинациялардың өзге де механикаларына қатысудан бас тарту құқығына ие:
- Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзса;
 - авторлық, сабақтас, жеке мүліктік емес немесе үшінші тұлғалардың өзге де құқықтарын бұзса;
 - үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзуы мүмкін кескіндерді, атауларды, кейіпкерлерді, тауар белгілерін, зияткерлік меншік объектілерін немесе өзге де элементтерді қамтыса;
 - тыйым салынған, қолайсыз, қорлайтын, кемсітушілік, саяси, діни, зиянды, қауіпті немесе Акцияның мақсаттары мен сипатына сай келмейтін өзге мазмұнды қамтыса;
 - тиісті келісімсіз үшінші тұлғалар туралы жеке деректерді, кескіндерді немесе өзге ақпаратты қамтыса;
 - Сайттың техникалық талаптарына сай келмесе;
 - Ұйымдастырушы, Оператор модерациясынан және/немесе пайдаланылатын ЖИ-жүйелері шектеулерінен өтпесе;
 - адал емес қатысу, Акция механикасын теріс пайдалану, автоматтандыру, жаппай генерация, техникалық шектеулерді айналып өту немесе осы Ережелердің өзге де бұзылулары белгілерімен жасалса немесе жүктелсе.
- 8.4.11. Сайттың немесе ЖИ-жүйесінің техникалық ақаулары сияқты Қатысушыға байланысты емес себептер бойынша ЖИ-нәтижесін жасаудан бас тартылған жағдайда, Ұйымдастырушы және/немесе Оператор Қатысушыға сол Промо-кодты пайдалана отырып Баланың Суретін қайта жандандыру мүмкіндігін ұсынуға не Ұйымдастырушы айқындайтын өзге тәсілмен қатысу мүмкіндігін қалпына келтіруге құқылы.
- 8.4.12. Қатысушының осы Ережелерді бұзуы себебінен ЖИ-нәтижесін жасаудан, Жұмысты жариялаудан немесе Жұмыстың өзге механикаларға қатысуынан бас тартылған жағдайда, ұсынылған материалдар қабылданбауы мүмкін, ал тиісті Промо-кодты Баланың Суретін жандандыру үшін қайта пайдалану мүмкіндігі берілмейді.
- 8.4.13. Ұйымдастырушы және/немесе Оператор осы Ережелерді, Қазақстан Республикасының заңнамасын, үшінші тұлғалардың құқықтарын, Жасанды интеллект технологияларын пайдалануға және құқықтарды беруге Келісімнің шарттарын немесе пайдаланылатын ЖИ-жүйелерінің шектеулерін бұзу анықталған жағдайда кез келген уақытта Жұмысты Галереядан жоюға, дауыстан, Citix Арнайы жобасынан, Арнайы номинациялардан және/немесе Акцияның өзге механикаларынан шығарып тастауға құқылы.
- 8.5. Акция аясында «Досыңды шақыр» рефералды бағдарламасы (ары қарай – «Досыңды шақыр» бағдарламасы) әрекет етеді. Қатысу үшін досыңызды өзіңіздің жеке сілтемеңіз арқылы Сайтта тіркелуге шақыру қажет. Досыңыз Сайтта тіркелген жағдайда, Қатысушы 1 (бір) қосымша «табан» алады (табан 3 (үш) жұмыс күні ішінде Жеке кабинетте көрсетіледі).
- 8.5.1. Дербес сілтеме Жеке кабинетте қолжетімді.
- 8.6. Акция кезеңінде әр Қатысушы тіркеген кодтар Сайтта Қатысушының Жеке кабинетінде тіркеледі.
- 8.7. Сайтқа Промо-коды жүктелген Акциялық өнімнің түпнұсқа Промо-қаптамаларын Қатысушы 2026 жылғы 30 қыркүйекке дейін (қоса алғанда) сақтауы тиіс. Ұйымдастырушының/Операторлардың Промо-коды бар Промо-қаптама иесін айқындау жөнінде міндеттемелері жоқ.

- Операторға Промо-коды бар Промо-қаптаманы ұсынған Қатысушы оның шын иесі болып есептеледі.
- 8.8. Акциялық өнімнің түпнұсқа Промо-қаптамалары, олардағы Промо-кодтар мынадай жағдайларда Акцияға қатысуға жіберілмейді:
- 8.8.1. Промо-қаптаманы Ұйымдастырушы/Операторлар түпнұсқа қаптама ретінде сәйкестендіре алмаса;
- 8.8.2. Промо-қаптама зақымдалған, Промо-кодтың тұтастығы бұзылған. Промо-кодтың тұтастығы толық көлемде сақталуы тиіс. Кез келген механикалық әсерге ұшыраған жағдайда (мыжылған, суланған, жыртылған, Промо-код оқылмайтын және т.б.) Промо-код жарамсыз деп есептеледі.
- 8.9. Промо-қаптамалардың, Промо-кодтардың түпнұсқалығына қатысты дау туындаса, Ұйымдастырушының/Операторлардың шешімі түпкілікті болып табылады.

9. Акция Жеңімпаздарын анықтау

9.1. Кепілді жүлделер (Жүлде №1):

- 9.1.1. №1 Жүлденің иегерлері болып Акция кезеңінде Сайтта өздерінің бірінші Промо-кодын тіркеген Қатысушылар, сондай-ақ осы Ережелерге сәйкес «Досыңды шақыр» бағдарламасы шеңберінде Жүлде №1 есептелетін Қатысушылар табылады.
- 9.2. Табандар үшін берілетін жүлделер:
- 9.2.1. Мұндай жүлделердің иелері Жүлделер №2–6-ға айырбастау үшін қажетті «табандар» санын жинаған Акцияға қатысушылар болып табылады, бұл Сайтта тіркелген кодтармен келесі үлестіруге сәйкес расталады:
- 1 табан – Жүлде №2;
 - 5 табан – Жүлде №3;
 - 10 табан – Жүлде №4;
 - 20 табан – Жүлде №5;
 - 25 табан – Жүлде №6.
- 9.2.2. №2–№6 Жүлделерге айырбастау құқығы Қатысушыда қажетті «табандар» саны жиналғаннан кейін туындайды және таңдалған Жүлдені Сайтта алу үшін өтінімді ресімдеу арқылы (Жеке кабинетте «Жүлдені алу/Жүлдеге тапсырыс беру» батырмасын басу) жүзеге асырылады.
- 9.2.3. Өтінімді ресімдеу кезінде Қатысушыға тиісті деңгейдегі Жүлдені, егер мұндай Жүлде қолжетімді болса, таңдау мүмкіндігі беріледі. Жүлдені алу үшін Қатысушы өтінімді растауы және 10.2-тармаққа сәйкес Оператор сұрататын қосымша деректерді ұсынуы қажет. Өтінім ресімделгеннен кейін қажетті «табандар» саны Қатысушының теңгерімінен есептен шығарылады. Өтінімді растаудан бас тартылғанда/Оператор өтінімді қабылдамаған жағдайда есептен шығарылған «табандар» Қатысушының теңгеріміне қайтарылады.
- 9.2.4. №2–№6 Жүлделерге өтінімдерді ресімдеу кезінде «табандарды» есептен шығару Қатысушының Бас жүлделер ұтысына қатысуына әсер етпейді; қатысу тиісті кезеңде Промо-кодтарды тіркеу фактімен айқындалады.
- 9.3. Басты жүлделер.
- 9.3.1. Ұтыс ойынының алгоритмі:
Ұтыс ойынының жеңімпаздары (Z/P)Ki формуласымен анықталады, мұнда:
- i – жеңімпаздың реттік нөмірі: 1, 2, 3 және т.б.;
 - Z – ұтысқа қатысатын промо-кодтардың жалпы саны;
 - P – ұтыстағы жеңімпаздар саны;

- К – ұтысқа қатысатын промо-кодтар санын 100-ге бөлгендегі санның бөлшек бөлігі. Мысалы, ұтысқа 9357 промо-код қатысса, онда $K=0,57$.

Жеңімпаздың реттік нөмірін есептеу кезінде үтірден кейінгі төрт ондық таңба алынып тасталады. Мысалы, егер қорытынды 12.6789 болса, онда 12-нөмірлі промо-код жеңеді.

Егер ұтысқа түскен жеңімпаз промо-код нөмірі ұтыстағы промо-кодтар санынан көп болса, нәтиже промо-кодтар санына бөлу кезіндегі қалдық ретінде айқындалады. Осылайша, егер қорытынды 12-ге тең, ал ұтыста барлығы 10 промо-код болса, онда 2-нөмірлі промо-код жеңімпаз болады.

Ұтыстағы промо-кодтардың нөмірленуі 0-ден басталады.

- 9.3.2. Жүлде №7 ұтыс ойыны осы Ережелердің 9.5.1-тармағына сәйкес тиісті ұтыс кезеңінде кемінде 1 промо-код тіркеген барлық Қатысушылар арасында аптасына бір рет өткізіледі.
- 9.3.3. Жүлде №8 ұтыс ойыны осы Ережелердің 9.5.2-тармағына сәйкес тиісті ұтыс кезеңінде кемінде 1 промо-код тіркеген барлық Қатысушылар арасында айына бір рет өткізіледі.
- 9.3.4. Жүлде №9 ұтыс ойыны осы Ережелердің 9.5.3-тармағына сәйкес тиісті ұтыс кезеңінде кемінде 1 промо-код тіркеген барлық Қатысушылар арасында бір рет өткізіледі.
- 9.4. Жүлде №1–№9 осы Ережелердің 3.5-тармағында көрсетілген мерзімде беріледі (табысталады).
- 9.5. Жұлделер ұтысын өткізу кестесі
- 9.5.1. №7 Жүлде ұтысын өткізу кестесі және №7 Жүлде иелерінің саны:

№ апта	Ұтыс күні / Жеңімпаздар анықталатын күн	№7 Жүлде иелерінің саны
1	11.05.2026	1
2	18.05.2026	1
3	25.05.2026	1
4	01.06.2026	1
5	08.06.2026	1
6	15.06.2026	1
7	22.06.2026	1
8	29.06.2026	1
9	06.07.2026	1
10	13.07.2026	1
11	20.07.2026	1
12	27.07.2026	1
13	03.08.2026	1
		13

9.5.2. №8 Жүлде ұтысын өткізу кестесі және №8 Жүлде иелерінің саны:

№ ай	Ұтыс күні / Жеңімпаздар анықталатын күн	№8 Жүлде иелерінің саны
1	01.06.2026	1
2	01.07.2026	1
3	03.08.2026	1
		3

9.5.3. №9 Жүлде ұтысын өткізу кестесі және №9 Жүлде иелерінің саны:

№ ұтыс	Ұтыс күні / Жеңімпаздар анықталатын күн	№9 Жүлде иелерінің саны
1	03.08.2026	1
		3

9.6. Жеңімпаз осы Ережелерді бұзса және оған Жүлдені беруден бас тартылғанда, не Қатысушы Жүлдеден бас тартқан жағдайда, бөлінбеген Жұлделер келесі есепті кезеңге қосылып, сол кезеңде бөлінеді. Әр есепті кезең үшін осы Ережелердің 9.5.1–9.5.3-тармақтарында көрсетілген мөлшерде Жүлде иелері айқындалады.

9.7. Жүлде осы Ережелердің 10-бөлімінде баяндалған сипаттамаға сәйкес келетін Акция Қатысушыларына (Жеңімпаздарға) табысталады.

10. ЖҮЛДЕЛЕРДІ АЛУ ТӘРТІБІ

10.1. Ұтқан жағдайда Оператор Жеңімпазға Акция сайтына тіркелу кезінде көрсетілген телефон нөміріне жіберілетін хабарлама арқылы, сондай-ақ көрсетілген электронды пошта мекенжайына (Акцияның promo@barni.org немесе support.barni@pgm.kz электронды поштасынан) жолданатын хабарлама арқылы не Пайдаланушының Жеке кабинетінде жарияланатын хабарландыру арқылы хабарлайды.

10.2. Жұлделерді алу үшін Жеңімпаз Сайттағы Жеке кабинетінде хабарлама алған сәттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күннен кешіктірмей, сондай-ақ 10.1-тармаққа сәйкес Оператордан хабарлама алған кезден бастап 7 (жеті) күнтізбелік күннен кешіктірмей Оператордың promo@barni.org немесе support.barni@pgm.kz электронды поштасына мынадай құжаттарды және (немесе) өзі туралы ақпаратты жіберуге міндетті:

10.2.1. Тіркелу кезінде көрсетілген және Оператор Жеңімпазбен байланыса алатын мобильді телефон нөмірін растау.

10.2.2. Жеке басын куәландыратын құжаттың сканерленген көшірмесі (ҚР азаматының жеке куәлігі не ықтиярхаты), онда құжаттың нөмірі, ЖСН, ТАӘ, қолданылу мерзімі көрсетілуі тиіс.

10.2.3. Жүлдені жеткізу үшін толық және нақты мекенжай.

- 10.2.4. Сайтта Қатысушы бұрын тіркеген деректерге сәйкес келетін бейнесі бар Промо-қаптаманың фотосуреті, ары қарай аталған Промо-қаптаманың Түпнұсқасын Операторға ұсыну. Фотосуреттегі Промо-код анық әрі оқылатын болуы тиіс.
- 10.2.5. Жұлдені табыстау туралы Актінің жұлде иегері/Жеңімпаз қол қойған фотосуреті немесе сканерленген көшірмесі, әрі қарай Операторға Жұлдені табыстау туралы Актінің қол қойылған Түпнұсқасын ұсыну (Жұлдені табыстау туралы Актінің нысанын Оператор Қатысушыға 10.1-тармаққа сәйкес жолданатын хабарлама аясында алдын ала береді).
- 10.2.6. Жұлде алушы Қатысушы қол қойған Жеке деректерді жинауға, өңдеуге берген Келісімнің фотосуреті немесе сканерленген көшірмесі, әрі қарай Операторға Жеке деректерді жинауға, өңдеуге Келісімнің қол қойылған Түпнұсқасын ұсыну.
- 10.2.7. Жеңімпаздың Акцияға қатысу үшін Суреті жүктелген Баланың ата-анасы, асырап алушысы, қорғаншысы, қамқоршысы немесе өзге заңды өкілі екенін растайтын құжаттар, мәліметтер және/немесе растаулар, егер Ұйымдастырушы және/немесе Оператор Жеңімпаздың Жұлдеге құқығын растау үшін мұндай ақпаратты сұратса.
- 10.3. Ұйымдастырушы/Оператор жұлдені ұтқан Жеңімпаздан жұлдені табыстау үшін қажетті қосымша құжаттар және/немесе ақпарат сұратуға құқылы.
- 10.4. Осы Ережелердің 10.2-тармағында көрсетілген құжаттардың көшірмелері барлық әріп пен цифрлары оқылатын айқын болуы, өшіру, түзету және басқа да өзгерту іздерін қамтымауы тиіс. Жұлдені табыстау туралы Актілердегі Жеңімпаздың қолтаңбалары Жеңімпаздың жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілген қолтаңба үлгілеріне сәйкес келуі керек.
 - 10.4.1. Промо-қаптамалардың түпнұсқалары мен Жеңімпаздың қол қойған Жұлдені табыстау туралы Актінің түпнұсқасы Жеңімпаздың Оператордың тапсырмасы бойынша аталған тармақта көрсетілген құжаттарды жинауды жүзеге асыратын курьер (пошта) қызметінің өкіліне берілуі тиіс. Промо-қаптамалардың түпнұсқалары Оператор тарапынан Жеңімпазға қайтарылмайды.
- 10.5. 7.1.2, 7.1.3-тармақтарда көрсетілген №4, №5, №7 Жұлделер осы Ережелердің 3.5-тармағында айқындалған мерзімдерде Оператор уәкілеттік берген курьер (пошта) қызметі арқылы жеткізіледі. Жұлделерді жеткізу бойынша барлық шығыстарды Ұйымдастырушы көтереді.
- 10.6. Алматы қ. тұратын жұлде Жеңімпаздары жұлделерін Оператордың мекенжайынан өзі алып кетеді. Жұлдені алатын жерге баратын жол шығыстарын Ұйымдастырушы/Операторлар өтемейді.
- 10.7. Сайтта тіркелгенде Жеңімпаз көрсеткен мобильді телефон нөмірінің теңгеріміне 10.2-тармаққа сәйкес Жеңімпаз қажетті ақпаратты ұсынған кезден бастап 14 (он төрт) жұмыс күні ішінде аударылады.
- 10.8. Осы Ережелердің талаптарын орындамаған не тиісінше орындамаған, оның ішінде 10.2, 10.3, 10.4-тармақтарға сәйкес Ұйымдастырушыға құжаттар мен ақпаратты ұсыну талабын бұзған жұлде иегері, Акция Жеңімпазы, Акция жұлдесін алу құқығынан айырылады. Мұндай жағдайда Акция Ұйымдастырушысы аталған жұлдені өз қалауынша басқара алады.
- 10.9. Жұлделерді табыстау жөніндегі Ұйымдастырушының міндеттемелері мына сәттен бастап орындалды деп есептеледі:
 - 10.9.1. Жұлде №1 үшін: жұлде иегерінің/Жеңімпаздың Жеке кабинетінде жұлде көрсетілген сәттен бастап;
 - 10.9.2. Жұлде №2 үшін: жұлде иегерінің/Жеңімпаздың мобильді телефоны теңгерімінде жұлде көрсетілген сәттен бастап;

- 10.9.3. №4, №5, №7 Жүлде үшін: тиісті жүлделерді курьер (пошта) қызметіне жөнелту үшін тапсырған сәттен бастап, ал Алматы қ. бойынша – жүлдені оның иегеріне/Жеңімпазға тапсырған сәттен бастап;
- 10.9.4. Жүлде №8 үшін: №1 Оператордың банктік есеп айырысу шотынан Жеңімпаздың есеп айырысу шотына көрсетілген сома аударылған сәттен бастап;
- 10.9.5. №3, №6 Жүлделер үшін: жүлдені Оператордың электронды пошта және/немесе SMS-хабарлама және/немесе мессенджердегі хабарлама арқылы жіберген сәтінен бастап;
- 10.9.6. Жүлде №9 үшін: туристік сапарды брондауды растайтын құжаттарды Оператордың электронды пошта арқылы жіберген сәтінен бастап.
- 10.10. Жүлде иегеріне/Жеңімпазға жүлде тапсырылған сәттен бастап жүлденің меншік құқығы, сондай-ақ оны жоғалту, бүліну, жойылу тәуекелдері жүлде иегеріне/Жеңімпазға өтеді. Жүлде иегері/Жеңімпаз өзіне тиесілі жүлдеге иелік ету және оны пайдалану бойынша барлық шараны дербес қабылдайды.
- 10.11. Акция Қатысушысы мынадай жағдайларда, аталған мән-жайлардың қашан белгілі болғанына қарамастан, тиісті жүлдені алуға ие болған құқықтан ешқандай өтемақысыз айырылады:
- Акция Қатысушысы тиісті жүлде табысталғанға дейін осы Ережелерді бұзды деп танылса;
 - Акция Қатысушысы жүлдені алудан бас тартатынын ауызша не жазбаша, электронды байланыс құралдары, мобильді телефон, мессенджер және басқа да тәсілдер арқылы мәлімдесе;
 - Акция Қатысушысын, сондай-ақ телефон нөмірінің Қатысушыға тиесілігін сәйкестендіру мүмкін болмаған жағдайда;
 - осы Ережелердің 10.2-тармағында көрсетілген мерзім ішінде, Ұйымдастырушыға/Операторға байланысты емес себептерден, мұндай жүлде иегері/Жеңімпазбен байланысқа шығудың 3 (үш) сәтсіз әрекетінен кейін;
 - Акция Қатысушысы Операторларға/Ұйымдастырушыға 10.2 және 10.4-тармақтарда көрсетілген құжаттарды және/немесе ақпаратты беруден бас тартса, не оларды уақтылы не толық емес ұсынса, не ұсынылған құжаттар көшірмелерінің сапасы осы Ережелердің 10.4-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;
 - Қатысушы/Жеңімпаз Ұйымдастырушы және/немесе Оператор сұратқан жағдайда Акцияға қатысу үшін Суреті жүктелген Баланың ата-анасы, асырап алушысы, қорғаншысы, қамқоршысы немесе өзге заңды өкілі мәртебесін растамаса;
 - осы Ережелерде немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған басқа да негіз бойынша.
- 10.12. Акция барысында тиісті жүлделерді алуына байланысты №7, №8, №9 Жүлделер мен Арнайы номинациялар жүлделерінің жеңімпаздарында/иелерінде туындайтын салықтарды Оператор Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес дербес төлейді.

11. БАСҚА ШАРТТАР

- 11.1. Акцияны өткізу мерзімінің бүкіл кезеңінде Ұйымдастырушы осы Акцияның шарттарын өзгертуге құқылы, бұл ретте өзгерістер күшіне енерден 3 (үш) күнтізбелік күн бұрын Қатысушыларға Сайтта алдын ала хабарлайды.
- 11.2. Ұйымдастырушының тапсырмасымен Ұйымдастырушы және/немесе Операторлар қатысуға берілген өтінімдерді өз қалауымен жарамсыз деп тануға, сондай-ақ осы Акцияға одан әрі қатысуға тыйым салуға құқылы, егер кез келген тұлға: қатысу өтінімдерін беру процесін не Акцияны өткізу барысын қолдан жасаса; осы Ережелерді бұза отырып әрекет етсе; бүлдіргі сипатта әрекет етсе; не осы Акцияға қатысы бар кез келген тұлғаға қатысты

мазасын алу, қорлау, қорқыту немесе қолайсыздық тудыру ниетімен әрекеттер жасаса, соның ішінде, бірақ бұлармен шектелмей:

- Ұйымдастырушының/Оператордың тіркеу кезінде ұсынылған ақпараттың дұрыс емес, толық емес, қате немесе дәл емес екені туралы күдігі болса;
- Ұйымдастырушының/Оператордың Қатысушы алаяқтық әрекеттер жасауда, алдау, пара беру немесе қаржылық айла-шарғыларға қатысуда, Акцияға қатысатын тұлғаларға материалды пайда ұсынуда, соның ішінде көп мәрте тіркелу, Сайтта динамикалық және өзге де манипуляциялар қолдану арқылы Сайтқа да, оның Қатысушыларына да әртүрлі дәрежедегі қолайсыз салдарлар туындатқан немесе туындатуы мүмкін деген күмәні/негізі болса;
- Қатысушы осы Ережелерді бұза отырып әрекет етсе.
- Ұйымдастырушы/Оператор адал емес қатысу/алаяқтық әрекеттер белгілері анықталған жағдайларда, соның ішінде жаппай тіркелу, техникалық автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып тіркелу және осы Ережелерді бұза отырып артықшылықтар алуға бағытталған өзге де әрекеттер болған кезде, «Досыңды шақыр» Бағдарламасы бойынша «табандарды» есептемей тастауға құқылы.

11.3. Қатысушыдан ақпарат пен құжаттарды сұрату және оларды ұсыну барысында Қатысушының осы Ережелерді бұзғаны анықталған жағдайда, Оператор мұндай Қатысушыны Акцияға одан әрі қатысудан шығарып тастауға және Жүлделерді беруден бас тартуға құқылы.

11.4. Қандай да бір себеппен Акция жоспарланған түрде өткізілмеген жағдайда, оның ішінде компьютерлік вирустар жұғуы, интернет желісіндегі ақаулар, кемшіліктер, манипуляциялар, рұқсатсыз араласу, қолдан жасап бұрмалау, техникалық ақаулар немесе Ұйымдастырушының бақылауынан тыс кез келген басқа себеп Акцияның орындалуына, қауіпсіздігіне, адалдығына, тұтастығына немесе тиісті өтуіне нұқсан келтірсе не әсер етсе, Ұйымдастырушы өз қалауы бойынша Акцияны толықтай немесе ішінара жоюға, тоқтатуға, өзгертуге не уақытша тоқтата тұруға, сондай-ақ әсер еткен өтінімдердің кез келгенін жарамсыз деп тануға құқылы.

11.5. Ұйымдастырушы/Операторлар мыналар үшін жауап бермейді:

11.5.1. Акция Қатысушыларының Сайттағы Акция туралы ақпаратпен, Ережелермен таныса алмауы, қатысушылардың Ережелерді білмеуі;

11.5.2. жүлделерді беру шарттарымен, Акция нәтижелерімен таныса алмауы;

11.5.3. осы Ережелерде қарастырылған міндеттерді Қатысушылардың орындамауы (уақтылы орындамауы);

11.5.4. байланыс ұйымдарының кінәсінен немесе Ұйымдастырушыға/Операторға қатысы жоқ басқа себептен бойынша жүлделерді алу үшін қажетті электронды/пошталық жөнелтімдерді, ақпаратты (құжаттарды) алмау/уақтылы алмау;

11.5.5. Қатысушылар Сайтта көрсеткен не жүлделерді алу үшін ұсынған деректердің, байланыс және өзге де ақпараттың дұрыстығы;

11.5.6. Ұйымдастырушы/Оператордың кінәсінен емес туындаған кез келген өзге техникалық іркілістер, ақаулар, ұялы байланыс операторларының, интернет-провайдерлердің, банктердің және банктік, төлем жүйелерінің профилактикалық жұмыстары.

11.6. Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталатын форс-мажор жағдайлары туындаса, осы Ережелерде көрсетілген міндеттемелер бойынша Ұйымдастырушы жауапкершілік көтермейді.

11.7. Осы Акцияға қатысты барлық даулы мәселе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

12. ҚАТЫСУШЫНЫҢ ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕРІН ЖИНАУҒА ЖӘНЕ ӨҢДЕУГЕ КЕЛІСІМІ

- 12.1. Акцияға қатысу факті Қатысушының Акция Ережелерімен сөзсіз келісетінін растайды, сондай-ақ осы Ережелерде, Жасанды интеллект технологияларын пайдалануға және құқықтарды беруге Келісімде және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған көлемде және мақсаттарда Қатысушының, сондай-ақ Қатысушы заңды өкілі болып табылатын Баланың жеке деректерін (ары қарай – «ЖД» және «Келісім») жинауға және өңдеуге еркін, нақты, хабардар және саналы түрде берілген келісімі болып табылады.
- 12.2. ЖД жинау және өңдеу Ұйымдастырушы, Оператор және/немесе олар тартатын үшінші тұлғалар тарапынан мынадай мақсаттарда жүзеге асырылады:
- Сайтта Қатысушыны тіркеу және Жеке кабинетті жүргізу;
 - Промо-кодтарды тіркеу және табандарды есепке алу;
 - Қатысушының Акцияға, ұтыс ойындарына, дауысқа, «Citix» Арнайы жобасына, Арнайы номинацияларға және Акцияның өзге механикаларына қатысуы;
 - ЖИ-жүйелерін қолдана отырып Баланың Суреттері негізінде ЖИ-нәтижелерін жасау;
 - Қатысушының тиісті келісімі болған жағдайда Сайттағы Галереяда Жұмыстарды жариялау;
 - Қатысушының тиісті келісімі болған жағдайда Citix медиаэкрандарына Жұмыстарды және/немесе олардың жекелеген элементтерін орналастыру;
 - Арнайы номинациялар жүлделерін қоса алғанда жүлделерді дайындау, ресімдеу, жеткізу және тапсыру;
 - Акцияға қатысу, жүлделер алу, Жұмыстарды модерациялау, жариялау және Акцияға қатысты өзге мәселелер бойынша Қатысушымен байланыс;
 - тиісті келісім болған жағдайда Қатысушыларға жеңіс туралы хабарламалар, Ұйымдастырушының өнімдері мен іс-шаралары туралы ақпарат, жарнамалық ұсыныстар жіберу;
 - маркетингтік талдау жүргізу, статистикалық ақпаратты әзірлеу;
 - Ұйымдастырушының және/немесе Оператордың салықтық, бухгалтерлік, құқықтық және өзге де міндеттемелерін орындау;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын сақтау.
- 12.3. Қатысушы өзінің келесі ЖД жинауға және өңдеуге Келісімін береді:
- тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта/тұруға ықтиярхатта көрсетілген жағдайда);
 - туған күні; жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН);
 - жеке басын куәландыратын құжат/ықтиярхат деректері;
 - байланыс деректері (электронды пошта мекенжайы, мобильді телефон нөмірі, тұрғылықты мекенжайы және/немесе жүлделерді жеткізу мекенжайы);
 - банктік деректемелер және ақшалай жүлделерді тапсыру үшін қажетті өзге мәліметтер;
 - Арнайы номинациялар жүлделерін дайындау және тапсыру үшін қажетті мәліметтер;
 - Қатысушы Акцияға қатысу шеңберінде ерікті түрде ұсынған кез келген басқа ақпарат.
- 12.4. Қатысушы ата-анасы, асырап алушысы, қорғаншысы, қамқоршысы немесе Баланың өзге заңды өкілі ретінде Баланың келесі ЖД жинауға және өңдеуге Келісімін береді:
- Баланың аты, Қатысушы берсе;
 - Баланың жасы және/немесе туған күні, Қатысушы берсе;
 - Баланың Суреті;
 - Баланың Суреті негізінде жасалған ЖИ-нәтижесі;

- Баланың бейнесі, егер ол Баланың Суретінде, ЖИ-нәтижесінде немесе Қатысушы ұсынған өзге материалдарда болса;
 - Қатысушы Акцияға қатысу шеңберінде ерікті түрде ұсынған Баланың өзге деректері.
- 12.5. Қатысушы өзінің Баланың заңды өкілі екенін және Баланың жеке деректерін жинауға, өңдеуге Келісімді беруге, Баланың Суретін ұсынуға, ЖИ-нәтижесін жасауға, Жұмысты жариялауға, дауысқа, «Citix» Арнайы жобасына, Арнайы номинацияларға және Акцияның өзге механикаларына Жұмыстың қатысуына қажетті барлық өкілеттіктері бар екенін растайды.
- 12.6. Қатысушы жеке деректерге қатысты келесі әрекеттерді автоматтандырылған өңдеу, автоматтандырылмаған өңдеу және аралас тәсілмен өңдеу, оның ішінде ЖИ-жүйелерін пайдалану арқылы жүзеге асыруға Келіседі: жинау, жазу, жүйелеу, жинақтау, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), толықтыру, пайдалану, алу, тарату (осы Ережелерде және Қатысушының келісімдерінде қарастырылған жағдайларда), дербес сәйкестендіру белгілерін алып тастау (обезличтеу), бұғаттау, өшіру, жою, шетел мемлекеттері аумақтарына трансшекаралық беру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын ескере отырып кез келген өзге де әрекет.
- 12.7. Қатысушы, сондай-ақ, оның және Баланың ЖД осы Ережелерде көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін үшінші тұлғаларға, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей: Ұйымдастырушыға, Операторға, техникалық серіктестерге, Сайттың жұмысын, ЖИ-нәтижелерін жасауды, модерацияны, Жұмыстарды орналастыруды, дауыстауды, Citix медиаэкрандарына Жұмыстарды орналастыруды, жүлделерді дайындау мен жеткізуді қамтамасыз ететін тұлғаларға, Mondelez International компаниялар тобының мүшелеріне, сондай-ақ Ұйымдастырушының және/немесе Оператордың тапсырмасы бойынша ЖД өңдеуді жүзеге асыратын өзге тұлғаларға берілетінімен – деректерді трансшекаралық беру кезінде де – келіседі.
- 12.8. Жұмыс Галереяда жарияланған, «Citix» Арнайы жобасына, Арнайы номинацияларға және/немесе Акцияның өзге жария механикаларына қатысқан жағдайда мынадай деректер мен материалдар жарияланып, пайдаланылуы мүмкін: Баланың Суреті, ЖИ-нәтижесі, Баланың аты, Баланың жасы, сондай-ақ Қатысушы жариялауға рұқсат еткен Жұмыстың өзге элементтері. Мұндай жариялау тек Қатысушының тиісті келісімдері болған жағдайда жүзеге асырылады.
- 12.9. Жеке деректерді жинауға және өңдеуге Келісім осы Ережелерде көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті мерзімге, Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Ережелерде немесе Қатысушының жеке келісімдерінде өзге мерзім қарастырылмаса, берілген Келісім берілген сәттен бастап жүреді.
- 12.10. Келісімді Қатысушы оның қолданылу кезеңінде кез келген уақытта Ұйымдастырушының consumercare@mdlz.com электронды мекенжайына Келісімді қайтып алу туралы жазбаша өтініш жолдау арқылы қайтарып ала алады.
- 12.11. Келісім кері қайтарылған жағдайда Ұйымдастырушы ЖД өңдеуді тоқтатуға не (егер ЖД өңдеуді Ұйымдастырушының тапсырмасы бойынша әрекет ететін өзге тұлға жүзеге асырып отырса) осындай өңдеуді тоқтатуды қамтамасыз етуге, сондай-ақ ЖД-ны жоюға не олардың жойылуын қамтамасыз етуге міндетті; бұл әрекеттер өтініш түскен күннен бастап 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде орындалуға тиіс. Аталғандар Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңында немесе Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген негіздер бойынша Ұйымдастырушы дербес

деректерді дербес деректер субъектісінің келісімінсіз өңдеуге құқылы болатын жағдайларды қоспағанда қолданылады.

- 12.12. Қатысушы жеке деректерді өңдеуге Келісімді қайтып алу дербес деректерді өңдеуге дейін жүзеге асырылған өңдеудің заңдылығына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Жасанды интеллект технологияларын пайдалануға және құқықтарды беруге Келісімнің шарттары шектерінде бұрын берілген келісімдер мен құқықтардың жарамдылығына ықпал етпейтінін түсінеді және мойындайды.
- 12.13. Қатысушы дәл, өзекті, шынайы және толық жеке деректерді ұсынуға, сондай-ақ олардың өзгергені туралы Ұйымдастырушыны және/немесе Операторды уақтылы хабардар етуге міндеттенеді. Ұйымдастырушы және/немесе Оператор Қатысушы шынайы емес, толық емес, дұрыс емес немесе өзекті емес деректер ұсынуынан туындаған Акцияға қатысу, ЖИ-нәтижесін жасау, Жұмысты жариялау, жүлделер алу немесе Қатысушымен байланыс мүмкін болмағаны үшін жауап бермейді.
- 12.14. Акция Қатысушылары мен Баланың жеке деректері Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына, соның ішінде 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, осы Ережелердің 12.2-тармағында көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті мерзім ішінде, рұқсатсыз қол жеткізуден, жоғалтудан, өзгертуден, жариялаудан немесе өзге заңсыз пайдаланудан қорғаудың қажетті шаралары қолданыла отырып, құпиялылық шарттарында сақталады және өңделеді.

13. «Citix» арнайы жобасы / Жұмыстарға дауыс беру

- 13.1. «01» маусым 2026 ж. бастап «30» маусым 2026 ж. дейінгі кезеңде Ұйымдастырушы «Citix» арнайы жобасын / Жұмыстарға дауыс беруді (ары қарай – «Арнайы жоба») өткізеді. Бұл жоба Сайттағы Галереяда жарияланған Жұмыстарға пайдаланушылардың дауыс беруін және жеңімпаздар Жұмыстарын Citix медиаэкрандарына орналастыруды қарастырады.
- 13.2. Арнайы жобаға қатысу үшін Жұмыс бір мезгілде мынадай шарттарға сай болуы тиіс:
- Қатысушы Сайтқа жүктеген Баланың Суреті негізінде Акция шеңберінде жасалған болуы;
 - осы Ережелерде қарастырылған тәртіппен ЖИ-жүйесін пайдалана отырып жасалған ЖИ-нәтижесін қамтуы;
 - Сайттағы Галереяда Қатысушы тарапынан жарияланған болуы;
 - Қатысушының Жұмысты жариялауға берген келісімімен орналастырылған болуы;
 - Жасанды интеллект технологияларын пайдалануға және құқықтарды беруге Келісім болған жағдайда жасалған және жарияланған болуы;
 - Ұйымдастырушы және/немесе Оператор тарапынан модерациядан өткен болуы;
 - осы Ережелер, Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына және Сайттың техникалық талаптарына сай болуы.
- Галереяда жарияланбаған, сондай-ақ модерациядан өтпеген Жұмыстар Арнайы жобаға қатыспайды.
- 13.3. Арнайы жоба шеңберіндегі дауыс беру барлық тіркелген Акция Қатысушыларына қолжетімді.
- 13.4. Әр тіркелген Қатысушы: шексіз саналы Жұмысқа дауыс бере алады; бір Жұмысқа тек 1 (бір) рет дауыс бере алады. Бір Қатысушының бір Жұмысқа қайтадан дауыс беруіне жол берілмейді.

- 13.4.1. Ұйымдастырушы және/немесе Оператор адал емес дауыс беру белгілері анықталған жағдайда, оның ішінде техникалық автоматтандыру құралдарын пайдалану, жаппай тіркелу, жалған аккаунт жасау, дауыстарды жасанды жаппай арттыру, Сайттың

техникалық шектеулерін айналып өту немесе негізсіз артықшылық алуға бағытталған өзге де әрекеттер болса, дауыстарды есепке алмауға, жоюға, Жұмысты дауыстан шығарып тастауға және/немесе Жұмысты жеңімпаз деп тануден бас тарту құқығына ие.

13.5. Арнайы жоба жеңімпаздары Галереядағы Жұмыстар алған жарамды дауыстар санының негізінде айқындалады.

13.5.1. Арнайы жоба жеңімпаздарын анықтау кестесі және жеңімпаздар саны:

№ кезең	Жеңімпаздарды анықтау күні	Жеңімпаздар саны
1	11.06.2026	10
2	18.06.2026	10
3	25.06.2026	10
4	02.07.2026	10
		40

13.5.2. Жеңімпаздарды анықтау күнінде ең көп жарамды дауыс жинаған 10 (он) Жұмыс айқындалады.

13.5.3. Арнайы жоба шеңберінде Жұмыстарға берілген жарамды дауыстар осы бөлімде көрсетілген Арнайы жобаның бүкіл кезеңінде жинақталады және тиісті кезеңнің жеңімпаздарын айқындағаннан кейін нөлденбейді, осы Ережелерге сәйкес одан әрі қатысудан шығарылған Жұмыстарды қоспағанда.

13.6. Жеңімпаз деп танылып, Арнайы жоба шеңберінде орналастыруға іріктелген Жұмыс дауыстан одан әрі алып тасталады және қайтадан жеңімпаз деп танылуы мүмкін емес.

13.7. Жұмысты Арнайы жоба шеңберінде орналастыру материалдық емес жүлде болып табылады және бүкіл Жұмысты немесе оның жекелеген элементтерін Citix медиаэкрандарына жариялауды қарастырады, оның ішінде:

- Баланың Суреті;
- Баланың Суреті негізінде жасалған ЖИ-нәтижесі;
- Баланың аты;
- Баланың жасы.

Орналастыру Қатысушының Акцияға қатысу шеңберінде берген тиісті келісімдері болған жағдайда жүзеге асырылады. Ұйымдастырушы техникалық талаптарды, Қазақстан Республикасының заңнамасын және орналастыру алаңдарының шектеулерін ескере отырып Citix медиаэкрандарына орналастырылатын Жұмыс элементтерінің форматын, ұзақтығын, кезеңін, көрсетілу санын, визуалды безендірілуін және құрамын дербес айқындауға құқылы.

13.8. Жарамды дауыстар саны тең болған жағдайда Жұмысты жеңімпаз деп тану туралы шешімді Ұйымдастырушы өз қалауы бойынша қабылдайды.

13.9. Ұйымдастырушы және/немесе Оператор мынадай жағдайларда Жұмысты Арнайы жобаға жіберуден бас тартуға, дауыстан шығарып тастауға, бұрын берілген дауыстарды жоюға, Жұмысты жеңімпаз деп тануден және/немесе Арнайы жоба шеңберінде орналастырудан бас тарту құқығына ие:

- Жұмыс, Баланың Суреті, ЖИ-нәтижесі немесе Қатысушының өзге материалдары Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын бұзса;
 - Жұмыс тыйым салынған, қолайсыз, қорлайтын, кемсітушілік, саяси, діни, зиянды, қауіпті немесе Акцияның мақсаттары мен сипатына сай келмейтін өзге мазмұнды қамтыса;
 - Жұмыс үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзуы мүмкін кескіндерді, атауларды, кейіпкерлерді, тауар белгілерін, зияткерлік меншік объектілерін немесе өзге де элементтерді қамтыса;
 - Жұмыс тиісті келісімсіз үшінші тұлғалар туралы жеке деректерді, кескіндерді немесе өзге ақпаратты қамтыса;
 - Жұмыс осы Ережелерге, Сайттың техникалық талаптарына, Ұйымдастырушы және/немесе Оператор модерация талаптарына сай келмесе;
 - Қатысушы Жасанды интеллект технологияларын пайдалануға және құқықтарды беруге Келісімді және/немесе Жұмысты жариялауға Келісімді қоса алғанда, қажетті келісімдерді бермесе;
 - адал емес қатысу, дауысты манипуляциялау, техникалық автоматтандыру, жаппай тіркелу, Сайт шектеулерін айналып өту немесе өзге де теріс пайдалану белгілері анықталса;
 - Жұмыс модерациядан өтпесе және/немесе пайдаланылатын ЖИ-жүйелерінің шектеулеріне сай келмесе;
 - Жұмысты орналастыру Ұйымдастырушы және/немесе Операторға байланысты емес техникалық, құқықтық, беделдік немесе өзге де себептер бойынша мүмкін болмаса.
- 13.10. Ұйымдастырушы және/немесе Оператордың Жұмыстарды Арнайы жобаға жіберу, дауыстарды есепке алу, жеңімпаздарды айқындау, Citix медиаэкрандарына Жұмыстарды орналастыру, орналастырудан бас тарту, Жұмыстарды дауыстан шығарып тастау және/немесе дауыстарды жою мәселелері бойынша шешімі түпкілікті болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тікелей қарастырылған жағдайларды қоспағанда қайта қарауға жатпайды.

14. Белсенді Акция Қатысушыларына арналған арнайы номинациялар

- 14.1. Ең белсенді Акция Қатысушыларын марапаттау мақсатында Ұйымдастырушы қосымша номинациялар бойынша жеңімпаздарды анықтаудың арнайы механикасын (ары қарай – «Арнайы номинациялар») жүзеге асырады.
- 14.2. Арнайы номинациялар жеңімпаздары осы Ережелерде көрсетілген Промо-кодтарды тіркеу кезеңінің қорытындысы бойынша, атап айтқанда «31» шілде 2026 ж. сағат 23:59-дағы жай-күйі бойынша айқындалады.
- 14.3. Арнайы номинациялар жеңімпаздары «03» тамыз 2026 ж. айқындалады.
- 14.4. Акция шеңберінде мынадай Арнайы номинациялар белгіленеді:
- 14.4.1. «Сиқыршы-мама» / «Сиқыршы-папа» – Акция кезеңінде Баланың Суреттерін ең көп рет жандандыруды жүзеге асырған Қатысушы.
 - 14.4.2. «Белсенді-мама» / «Белсенді-папа» – Акция кезеңінде ең көп жарамды Промо-код тіркеген Қатысушы.
 - 14.4.3. «Қолдаушы-мама» / «Қолдаушы-папа» – Акция кезеңінде басқа Қатысушылардың Жұмыстарына ең көп жарамды дауыс берген Қатысушы.
 - 14.4.4. «Barni супер-мамасы» / «Barni супер-папасы» – Акция шеңберінде ең көп жарамды іс-қимыл жасаған Қатысушы.
 - 14.4.4.1. «Barni супер-мамасы» / «Barni супер-папасы» номинациясы жеңімпазын айқындау мақсатында жарамды іс-қимылдарға мыналар жатады:
 - жарамды Промо-кодты тіркеу;

- ЖИ-нәтижесі жасалуымен аяқталған Баланың Суретін жандандыру;
 - басқа Қатысушының Жұмысына дауыс беру. Аталған іс-қимылдардың әрқайсысы 1 (бір) ұпай ретінде есептеледі.
- 14.4.5. «Сүйікті жұмыс» – Акция кезеңінің бүкіл уақытында, оның ішінде «Citix» Арнайы жобасы шеңберіндегі дауыс беру кезінде де ең көп жарамды дауыс жинаған Жұмыс.
- 14.5. Әр Арнайы номинация бойынша 1 (бір) Қатысушы жеңімпаз деп танылады. «Сүйікті жұмыс» номинациясы бойынша осы Ережелердің 14.4.5-тармағына сәйкес ең көп жарамды дауыс жинаған Жұмыстың Қатысушысы жеңімпаз деп танылады. Арнайы номинациялар шеңберіндегі жеңімпаздардың жалпы саны 5 (бес) болып табылады.
- 14.6. Арнайы номинациялар жеңімпаздарын айқындау кезінде тек осы Ережелерге сәйкес жасалған және/немесе алынған жарамды іс-қимылдар, Промо-кодтар, Баланың Суреттерін жандандырулар, Жұмыстар мен дауыстар ескеріледі. Жарамсыз деп танылған, жойылған, қатысудан шығарылған немесе осы Ережелерді бұза отырып жасалған іс-қимылдар, Промо-кодтар, Баланың Суреттерін жандандырулар, Жұмыстар мен дауыстар ескерілмейді.
- 14.7. Бір Қатысушы бірнеше Арнайы номинация бойынша жеңімпаз деп танылуы мүмкін емес. Бір Қатысушы бірнеше Арнайы номинация бойынша жеңімпаздық өлшемдеріне сай келген жағдайда, Ұйымдастырушы мұндай Қатысушыны өз қалауы бойынша тек бір Арнайы номинация бойынша жеңімпаз деп тануға, ал өзге Арнайы номинация бойынша тиісті өлшемдерге сай келетін келесі Қатысушыны жеңімпаз деп тануға құқылы.
- 14.8. Арнайы номинациялар жеңімпаздары Арнайы номинация жүлдесі ретінде балалар суреті вышивкасы бар жұптық толстовкалар жиынтығын (ары қарай – «Арнайы номинация жүлдесі») алады. 1 (бір) жиынтық мыналарды қамтиды:
- 14.8.1. ата-анаға арналған 1 (бір) толстовка;
- 14.8.2. балаға арналған 1 (бір) толстовка.
- Вышивка техникалық мүмкіндік болған жағдайда және қажетті келісімдер болған кезде тиісті Арнайы номинация бойынша жеңімпаз деп танылған Қатысушы Баласының Суреті негізінде орындалады.
- 14.9. Арнайы номинация жүлдесінің сыртқы түрі, түсі, өлшемі, фасоны, материалы, вышивканы жағу тәсілі және өзге де сипаттамаларын Ұйымдастырушы дербес айқындайды және олар жарнамалық материалдардағы, Сайттағы кескіндермен және/немесе Қатысушының күтулерімен сәйкес келмеуі мүмкін.
- 14.10. Арнайы номинация жүлдесін алу үшін жеңімпаз Ұйымдастырушыдан және/немесе Оператордан хабарлама алған сәттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күннен кешіктірмей Арнайы номинация жүлдесіне құқықты растау, осындай жүлдені дайындау және тапсыру үшін қажетті құжаттарды, мәліметтерді және келісімдерді ұсынуы тиіс, оның ішінде, бірақ бұлармен шектелмей:
- Сайтта тіркелу кезінде көрсетілген мобильді телефон нөмірін және/немесе электронды пошта мекенжайын растау;
 - жеңімпаздың тегін, атын, жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген жағдайда әкесінің атын;
 - Арнайы номинация жүлдесін жеткізу үшін қажетті мәліметтер;
 - жеңімпаздың Баланың ата-анасы, асырап алушысы, қорғаншысы, қамқоршысы немесе өзге заңды өкілі екенін растау;
 - вышивканы орындау үшін тиісті Баланың Суретін пайдалануды растау;

- қолжетімді өлшемдер қатарынан ата-ана үшін толстовканың өлшемін және бала үшін толстовканың өлшемін;
 - Арнайы номинация жүлдесін дайындау, ресімдеу, жеткізу және тапсыру үшін қажетті өзге де құжаттар, мәліметтер және/немесе келісімдер.
- 14.11. Ұйымдастырушы және/немесе Оператор Арнайы номинация жеңімпазынан, егер олар жеңімпаздың осы Ережелер талаптарына сай келуін растау, Арнайы номинация жүлдесін дайындау, жеткізу, Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын сақтау және/немесе Ұйымдастырушы, Оператор, Бала мен үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болса, қосымша құжаттар, мәліметтер және/немесе келісімдер сұратуға құқылы.
- 14.12. Арнайы номинация жүлдесін дайындау осы бөлімде көрсетілген барлық қажетті құжаттар, мәліметтер мен келісімдер жеңімпаздан алынғаннан кейін жүзеге асырылады. Арнайы номинация жүлдесін дайындау мен тапсыру мерзімі дайындау параметрлерін келісу мерзімдеріне, қажетті өлшемдердің болуына, вышивканы орындаудың техникалық мүмкіндіктеріне және жеткізу мерзімдеріне байланысты болуы мүмкін.
- 14.13. Арнайы номинация жеңімпазы осы бөлімде көрсетілген құжаттарды, мәліметтерді және/немесе келісімдерді ұсынбаса, оларды мерзімінде не толық ұсынбаса не шынайы емес деректер берсе, мұндай жеңімпаз ешқандай өтемақысыз Арнайы номинация жүлдесін алу құқығынан айырылады. Бұл жағдайда Ұйымдастырушы Арнайы номинация жүлдесін өз қалауы бойынша басқаруға және/немесе тиісті Арнайы номинация бойынша өзге жеңімпазды айқындауға құқылы.
- 14.14. Арнайы номинация жүлдесінің ақшалай баламасы төленбейді. Арнайы номинация жүлдесін ауыстыруға, оның құрамын өзгертуге, Арнайы номинация жүлдесін алу құқығын үшінші тұлғаға беруге Ұйымдастырушы тікелей келіскен жағдайларды қоспағанда, жол берілмейді.
- 14.15. Ұйымдастырушы және/немесе Оператордың Арнайы номинациялар жеңімпаздарын айқындау, іс-қимылдарды, Промо-кодтарды, Баланың Суреттерін жандандыруларды, дауыстарды есепке алу, Қатысушыларды Арнайы номинацияларға жіберу, Арнайы номинация жүлдесін беруден бас тарту және/немесе жеңімпазды ауыстыру мәселелері бойынша шешімі түпкілікті болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тікелей қарастырылған жағдайларды қоспағанда қайта қарауға жатпайды.